



ПРИОЗЕРСКИЙ

Вестник

18+

№ 02/698

15 января 2021 года

газета издается с 26.06.2004 года

Н.НИГМАТУЛИН ИЗБРАН НА ПОСТ РУКОВОДИТЕЛЯ ФРАКЦИИ ПАРТИИ В МАЖИЛИСЕ ПАРЛАМЕНТА



Нурлана Нигматулина единогласно избрали руководителем фракции партии

в Мажилесе Парламента, сообщает zakon.kz.

Ранее, Нурсултан Назарбаев предложил кандидатуру Нурлана Нигматулина на пост руководителя фракции партии в Мажилесе Парламента.

Об этом сообщил на своей странице в twitter Айдос Укибай.

Нигматулин является председателем Мажилеса Парламента Республики Казахстан.

Источник: www.zakon.kz

ГЛАВА ГОСУДАРСТВА СОЗВАЛ ПЕРВУЮ СЕССИЮ ПАРЛАМЕНТА РК СЕДЬМОГО СОЗЫВА

Президент РК подписал указ о созыве первой сессии Парламента Республики Казахстан седьмого созыва, сообщает Kazpravda.kz со ссылкой на пресс-службу Главы государства.

УКАЗ

О созыве первой сессии Парламента Республики Казахстан седьмого созыва

В соответствии с пунктом 2 статьи 59 Конституции Республики Казахстан ПОСТАНОВЛЯЮ:

1. Созвать первую сессию Парламента Республики Казахстан седьмого созыва 15 января 2021 года в 10 часов в городе Нур-Султане.
2. Настоящий Указ вводится в действие со дня подписания.

Президент Республики Казахстан К.Токаев

Нур-Султан, Ақорда,
14 января 2021 года
№ 489

Источник: <https://kazpravda.kz/news/>

КАКУЮ ДЕКЛАРАЦИЮ ДОЛЖНЫ ПРЕДСТАВЛЯТЬ ГОССЛУЖАЩИЕ В 2021 ГОДУ

2021 год станет началом первого этапа введения в стране всеобщего декларирования. В пресс-службе Комитета государственных доходов МФ РК разъяснили, какую декларацию должны представлять госслужащие в текущем году, передает Kazpravda.kz.

"До введения всеобщего налогового декларирования государственные служащие, а также приравненные к ним и их супруги ежегодно представляли в органы государственных доходов декларации о доходах и имуществе по форме 230.00. Но требования по представлению декларации о доходах и имуществе (форма 230.00) прекращаются с 1 января 2021 года. Это связано с тем, что в 2021 году указанные лица должны будут представить декларацию об активах и обязательствах по форме 250.00, указав при этом активы и обязательства по состоянию на 31 декабря 2020 года", – говорится в сообщении.

Декларация представляется по месту жительства (пребывания):

- 1) при представлении на бумажном носителе – не позднее 15 июля текущего года;
- 2) при представлении в электронном виде – не позднее 15 сентября текущего года.

"Необходимо учесть, что в случае получения в 2020 году имущественного дохода, дохода из источников за пределами Респуб-

лики Казахстан и иных доходов, предусмотренных статьей 363 Налогового кодекса, указанные лица представляют декларацию по индивидуальному подоходному налогу (форма 240.00) в налоговый орган по месту нахождения (жительства). Срок представления данной декларации – не позднее 31 марта 2021 года. С 2022 года такие доходы будут указываться в декларации по форме 270.00. Если физическим лицом по ошибке представлена декларация по форме 230.00 за 2020 год, то такая декларация подлежит отзыву", – отметили в КГД.

Напомним, внедрение всеобщего декларирования в Казахстане будет проходить в

О всеобщем декларировании

четыре этапа.

На первом этапе (с 1 января 2021 года) обязаны декларироваться:

- лица, занимающие ответственную государственную должность, а также их супруги;
- лица, уполномоченные на выполнение государственных функций и приравненные к ним, а также их супруги;
- лица, на которых возложена обязанность по представлению декларации в соответствии с Конституционным законом РК "О выборах в Республике Казахстан" и законами РК "О противодействии коррупции", "О банках и банковской деятельности в Республике Казахстан", "О страховой деятельности", "О рынке ценных бумаг".

Источник: <https://kazpravda.kz>

Жемқорлық – жегі құрт!

Жер бетіндегі әлемді жайлаған жемқорлық пен парақорлықпен күреске көп болып күш салынуы тиіс. «Коррупция» термині латын тілінің «соггитреге» деген сөзінен шығып, мағынасы жағынан «мемлекет организмін, қоғамдық қарым-қатынастарды бұзу» дегенді білдіреді, «параға сағып алу» терминімен сәйкес, яғни лауазымды тұлғаның өз билігі өкілеттігі мен сеніп тапсырылған құқығын заңға және моральдық нормаларға қайшы келетін өтірік айту, бопсалаушылық, сөзбұйда жасау жолдарымен жеке бас пайдасы үшін пайдалануы. Көбіне бұл термин бюрократиялық аппаратқа және саяси элитаға қатысты жиі қолданылады. Осыған сай термин әдетте бастапқы латын сөзінің бірінші мағынасынан шығатын кең мағынаға ие, әдепсіздік тәртіпті білдіреді. Қоғамның қабілеттілігі, оның ішінде біздің жастарды бақылау, мемлекеттік шенеуніктердің жемқорлық әрекеттерін анықтау және болдырмау жергілікті мәселелерді зерттеудің арқасында артады. Сыбайлас жемқорлықпен күресу үшін қоғамның барлық жігінің жүйелі түрдегі күш-жігері қажет. Қазіргі кезде сыбайлас жемқорлық әлемнің кез келген елінде оның саяси дамуына байланысты, оның ішінде Қазақстанда да, әлеуметтік құбылыс ретінде өмірін жалғастырып келеді, ол тек ауқымдылығымен ғана ерекшеленеді. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму үдерісін, нарықтық экономика-ның құрылуын, инвестициялар тарту

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КӨП БОЛЫП КҮРЕСЕЙІК

процесін тежейді. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсерін тигізеді, елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіреді. Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі сыбайлас жемқорлықпен күрес болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңында сыбайлас жемқорлыққа мынадай анықтама берілген: бұл – «...жеке түрде немесе делдалдар арқылы мүліктік игіліктерді заңсыз алу және мемлекеттік қызмет атқарушы тұлғалардың, сондай-ақ оларға теңестірілген тұлғалардың өз лауазымдық өкілеттіктері мен өкілеттеріне қатысты мүмкіндіктерін мүліктік пайда табу үшін жеке басына пайдалануы, сондай-ақ аталмыш тұлғаларға жеке және заңды тұлғалардың көрсетілген игіліктер мен жеңілдіктерді құқыққа қайшы түрде пара ұсыну жолымен сатып алуы». Сыбайлас жемқорлық неге өте қауіпті? Адамдардың көбі пара беру мен сыбайластықты қандай жағдайда да өздері үшін пайдалы немесе зияны жоқ құбылыс ретінде қарастырады: «Мұның несі жаман? Көбірек төледім, есесіне техникалық байқаудан ешбір қиындықсыз өттім, оған қоса уақытты да үнемдедім»; «Дипломды сатып алдым да, ұлымды беделді жұмысқа орналастырдым. Бұдан кімге жаман болды?», - деген ойдағы адамдар – жеке мүддесі ғана ойлайтындар. Ақыр аяғында бұл тек бәрі үшін «жаман» ғана

емес, сондай-ақ әрбір адам үшін қауіпті. Өйткені заң билігі әділ болмаса, ол кез келген адамды бүлдіруі мүмкін және саруайымға түсіріп, жат етуі мүмкін. Жете түсініп көруге тырысайық. Барлығымыз да түрлі салық төлейміз. Алайда табыстың бір бөлігін мемлекетке бере отырып, біз оның әлеуметтік қызметті жүзеге асыруын қамтамасыз ететіндігін ескереміз: тегін білім алу, денсаулық сақтау, инфрақұрылымды құру, қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Егер мемлекеттік қаражатты сыбайлас жемқорлық тәсілмен бөлсе, не болар еді? Мысалы: Мемлекеттік орган аурухана салу немесе оны жөндеуден өткізуге келісім-шарт жасасады. Шарт жасасу кезінде жеке мемлекеттік қызметкер шартты онымен «сенімді қарым-қатынасқа» түскен фирма өкілдеріне ұсыну үшін олардан пара алады. Бірақ та бірде бір фирма параға кеткен шығындар есебінен өзіне залал келтіре отырып жұмыс жасамайды. Сондықтан «рұқсат» алған мұндай фирма жұмыстың және қолданатын материалдардың сапасын төмендетеді, оған қоса олардың құнын көтеріп жібереді. Соңында тек қоғам зардап шегеді.

Сыбайлас жемқорлықтың қоғамға тек зиянын тигізіп қоймай, сонымен бірге оң нәтижеге жеткізбейтінін естен шығармауымыз қажет! Өйткені сыбайлас жемқорлық тәсімінде параны көбірек беруші ғана жеңіске жетеді. Бір қорқыныштысы, сыбайлас жемқорлықпен айналысу сол

тұлға мен оның жақындарының сана-сезіміне залал келтіріп, дүниетанымдарын бұзады. Қазіргі заманғы әлемде сыбайлас жемқорлықпен күресуді күшейту жұмысы үздіксіз жүргізілуде және әрдайым жетілдірілу үстінде. Әлемде сыбайлас жемқорлықпен күресу механизмінің барлық елдерге тиімді болатын бірегей жинағы жоқ. Әрбір мемлекет қолданатын сыбайлас жемқорлықпен күресу әдістерінің жиынтығы өзгеше, ол елдің саяси және экономикалық тұрақтылығына ғана емес, сонымен қатар әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлеріне, діни ерекшелігі мен құқықтық мәдениет деңгейіне және аумағы бойынша алатын жеріне, халқының саны мен орналасу тығыздығына да байланысты болып келеді. Қазақстанда экономиканы жандандыру және ауқымды әлеуметтік түрлендіру жағдайында мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған заманауи әлеуметтік-экономикалық саясатымен тығыз байланысқан бүтіндей стратегияның қажеттілігіне анық көз жеткізілді. Осыған байланысты 2014-жылдың 26-желтоқсанында Қазақстан Республикасының 2015-2025-жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа стратегиясы бекітілді. Алайда, бұл шараның әлі күнге оң нәтиже бере алмай келе жатқаны өкінішті. Сондықтан жемқорлықпен күреске қоғам болып, көп болып жұмылуымыз қажет.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ VII ШАҚЫРЫЛЫМЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН КЕЗЕКТІ САЙЛАУДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

2021 жылғы 10 қаңтарда бірыңғай сайлау округінің аумағы бойынша Приозерск қалалық мәслихаты депутаттарының кезекті сайлауы өтті.

Қала бойынша сайлаушылар тізіміне 6634 азамат енгізіліп, оның 5131 немесе 77,3 пайызы сайлау бюллетеньдерін алды.

Дауыс беруге 5077 адам қатысты, оның ішінде есептен шығару куәліктері бойынша 0 сайлаушы дауыс берді, дауыс беруге арналған үй-жайлардан тыс 103 сайлаушы дауыс берді.

Сайлауға үш саяси партия қатысты. Саяси партияларды сайлау кезінде келесідей дауыс саны берілді:

«Nur Otan» партиясы – 4464 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлау-

шылар дауысының 89,11 пайызын құрайды;

Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясы - 448 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың 8,94%;

«ADAL» саяси партиясы - 97 дауыс немесе дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың 1,93%.

Дауыс беруге қатысқан сайлау-

шылар дауысының жеті және одан да көп пайызын алған саяси партиялар үшін депутаттық мандаттардың үлесі келесідей белгіленді:

-«Nur Otan» партиясы –10 мандат;
-«Ақ жол» ҚДП партиясы - 1 мандат;

Приозерск қалалық сайлау комиссиясы

СООБЩЕНИЕ

ОБ ИТОГАХ ОЧЕРЕДНЫХ ВЫБОРОВ ДЕПУТАТОВ ПРИОЗЕРСКОГО ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА VII СОЗЫВА

10 января 2021 года состоялись очередные выборы депутатов Приозерского городского маслихата, по территории единого избирательного округа.

В списки избирателей по городу были внесены 6634 граждан, из них получили избирательные бюллетени 5131 человека или 77,3 процента.

В голосовании приняли участие 5077

человек, из них по открепительным удостоверениям проголосовали 0 избирателя, вне помещений для голосования проголосовало 103 избирателя.

В выборах принимали участие 3 политических партии.

При голосовании за политические партии подано следующее количество голосов:

Партия «Nur Otan» - 4464 голосов или

89,11 % голосов избирателей, принявших участие в голосовании;

Демократическая Партия Казахстана «Ақ жол» – 448 голосов или 8,94 % голосов избирателей, принявших участие в голосовании;

Политическая Партия «ADAL» – 97 голосов или 1,93 % голосов избирателей, принявших участие в голосовании.

Установлено следующее распределение

депутатских мандатов для политических партий, получивших семь и более процентов голосов избирателей от числа принявших участие в голосовании:

-партия «Nur Otan» – 10 мандата;
-партия «Ақ жол» – 1 мандат;

Приозерская городская избирательная комиссия

Приозерск қалалық сайлау комиссиясының
2021 жылғы 14 қаңтардағы
№ 1
қаулысына қосымша

Приложение к постановлению
Приозерской городской избирательной комиссии от 14 января 2021 года № 1

VII ШАҚЫРЫЛҒАН ПРИОЗЕРСК ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН ТІРКЕУ ТУРАЛЫ ХАБАР

VII шақырылған Приозерск қалалық мәслихатының депутаттарының кезекті сайлауының қорытындылары бойынша келесі депутаттар тіркелген:

1) «Nur Otan» партиясының партиялық тізімі бойынша:

| Т.А.Ә. | Туған жылы, атқаратын қызметі (жұмысы) және жұмыс орны, тұрғылықты жері |
|-----------------------------------|---|
| Абдимуталипов Муса Жалиевич | 1979 ж.т., жеке кәсіпкер, Приозерск қаласы |
| Алмас Улан Алмасұлы | 1990 ж.т., жастар ресурстық орталығының директоры, Приозерск қаласы |
| Ахметова Рахима Есенамановна | 1967 ж.т., жұмыспен қамту орталығының директоры, Приозерск қаласы |
| Джарылғапов Бек Танирбергенович | 1981 ж.т., орталық аурухана директоры, Приозерск қаласы |
| Дюсембаев Дулат Орынбасарович | 1961 ж.т., "Nur Otan" партиясы Приозерск қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары, Приозерск қаласы |
| Карабалаев Талгат Алмиджанович | 1978 ж.т., "Ер-Тай" ЖШС директоры, Приозерск қаласы |
| Кульмаганбетова Айткуль Женисовна | 1970 ж.т., «Айналайын» бөбекжай-балабақшасының директоры, Приозерск қаласы |
| Попченко Светлана Борисовна | 1967 ж.т., «Достық» балалар- жасөспірімдер шығармашылық орталығының директоры, Приозерск қаласы |
| Сатыбалдин Бахтияр Сакенович | 1989 ж.т., тұрғын үй коммуналдық реформалауды басқару кәсіпорнының бағдарламашы IT-маманы, Приозерск қаласы |
| Сарсембеков Бекзат Муксиевич | 1967 ж.т., қалалық мәслихат хатшысы, Приозерск қаласы |

2) «Ақ жол» партиясының партиялық тізімі бойынша:

| Т.А.Ә. | Туған жылы, атқаратын қызметі (жұмысы) және жұмыс орны, тұрғылықты жері |
|----------------------------------|---|
| Нарымбетов Муратбай Енсейтбаевич | 1969 ж.т., жеке кәсіпкер, Приозерск қаласы |

Приозерск қалалық сайлау комиссиясы

СООБЩЕНИЕ О РЕГИСТРАЦИИ ДЕПУТАТОВ ПРИОЗЕРСКОГО ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА VII СОЗЫВА

По итогам очередных выборов депутатов Приозерского городского маслихата VII созыва зарегистрированы следующие депутаты:

1) по партийному списку партии «Nur Otan»:

| Ф.И.О. | Год рождения, занимаемая должность (занятие) и место работы, место жительства |
|-----------------------------------|---|
| Абдимуталипов Муса Жалиевич | 1979 г.р., индивидуальный предприниматель, город Приозерск |
| Алмас Улан Алмасұлы | 1990 г.р., директор молодежно - ресурсного центра, город Приозерск |
| Ахметова Рахима Есенамановна | 1967 г.р., директор центра занятости при акимате, город Приозерск |
| Джарылғапов Бек Танирбергенович | 1981 г.р., директор центральной больницы, города Приозерск |
| Дюсембаев Дулат Орынбасарович | 1961 г.р., первый заместитель председателя Приозерского городского филиала партии «Nur Otan», город Приозерск |
| Карабалаев Талгат Алмиджанович | 1978 г.р., директор ТОО "Ер-Тай", город Приозерск |
| Кульмаганбетова Айткуль Женисовна | 1970г.р., директор ясли сада «Айналайын», город Приозерск |
| Попченко Светлана Борисовна | 1967 г.р., директор центра детско-юношеского творчества Достық, город Приозерск |
| Сатыбалдин Бахтияр Сакенович | 1989 г.р., программист IT- управления жилищно коммунального реформирования, город Приозерск |
| Сарсембеков Бекзат Муксиевич | 1967 г.р., секретарь Приозерского городского маслихата, город Приозерск |

2) по партийному списку партии «Ақ жол»:

| Ф.И.О. | год рождения, занимаемая должность (занятие) и место работы, место жительства |
|----------------------------------|---|
| Нарымбетов Муратбай Енсейтбаевич | 1969 г.р., индивидуальный предприниматель, город Приозерск |

Приозерская городская избирательная комиссия



ҚОҒАМҒА ҚЫЗМЕТ ЕТУГЕ ТИІСТІ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Дін, мәдениет және қоғам

«Дін және мәдениеттің арақатынасы жөнінде қыруар пікірлер айтылууда. Соңғы кездері діни экспансия алаңына айналған елімізде «дініміз өзгерсе өзгерсін, мәдениетіміз өзгермесін», - деп жазушы-драматург Дулат Исабеков айтқандай, осы мәселеге қатысты орашалақ пікірлер де айтылууда.



Бұған байланысты ғылыми қорытынды жасау үшін алдымен қоғам өмірінің ең маңызды ұстыны саналатын дін мен мәдениеттің арақатынасын анықтайық. Бүгінгі мәдениеттану, антропология және социология саласының теоретиктері дінді мәдениеттің ең маңызды құрамдас бөлігі деп санайды. Дінсіз қоғам болмайтындықтан, дінсіз мәдениет те болмайды. Дін әлеуметтік құбылыс хәм қоғамды қалыптастыратын ұйытқы ретінде адамзат өмірінде аса маңызды рөл атқарады. Кейбір идеологиялар мен саяси ағымдар діннің осы рөлін пайдаланғысы келетіні жасырын емес. Бүгінгі күні дүниежүзінде орын алып жатқан саяси, әлеуметтік, мәдени хәм экономикалық уақиғалардың негізінде діни факторлардың бар екенін айту жаңсақтық болмас. Әсілі, дін осы салаларға бағыт-бағдар беретін күштің бірі, тіпті ең бастысы. Қоғам құрылымының анатомиясында діннің

алатын орны ерекше. Қоғамдарды басқа қоғамдардан ажырататын ең негізгі қасиеттің бірі осы діннің өзі болып табылады. Заманауи әлеуметтану ғылымдарынан социология, психология, антропология, мәдениеттану, философия, филология, саясаттану, өнертану дінді зерттеумен шұғылданады. Бұлар дінге әлеуметтік феномен, қоғамдық уақиға және қоғамға пішін беретін күдірет ретінде қарайды. Халық арасында кең таралған хұрафи сенімдер мен ырым, тиым, секемдердің өзі қаншалықты әсерлі екені баршаға белгілі. Діннің мәдениетті қалыптастырушы басты күш екеніне дау жоқ. Әсіресе, бүгінгі өтпелі кезеңде азаматтардың өзін-өзі танып-білуі, ортақ ұлттық мұраны қалыптастыруы және ХХІ-ғасырдағы халқымыздың өсіп-өркендеуінің басты құралы дініміз. Дін қоғам қатынастарының қалыптасуында басты міндет атқарады. Дегенмен, бұл арада мәдениеттің де атқарар ролі хәм маңызы зор. Мәдениеттің күштілігі соншалық, мәдениеттер арасындағы қақтығыста жеңіске жеткен мәдениеттің өзі жеңіліске ұшыраған мәдениеттің белгілі элементтерін сіңіріп алуға мәжбүр болады. Нәтижеде аралас мәдениеттер пайда болады. Ислам діні мәдениеттердің арасындағы парықтарды қабылдаған дін. Нәсілдер мен тілдердің, тіпті діндердің әртүрлілігін ислам діні таниды. Құранда адамдардың тайпаларға, түстерге бөлінгендігі, әркімнің діні өзіне екені туралы айтылған және Құран мұны Жаратушының шешімі ретінде көрсеткен. Қоғамдар арасындағы парықтар адамдардың бірін-бірі танып-білуі және қарым-қатынас орнатуы жағынан жағымды рөл атқаруы да мүмкін. Бұл біздің қолымыздағы нәрсе. Сондықтан, ислам дініндегі жүйені толеранттылықтан да жоғары қойған жөн. Тарихқа қарағанымызда сан жағынан аз мұсылмандардың үлкен мемлекеттерді басқарғанын көреміз. Яғни, мұсылмандар басқа дін уәкілдерін де қорғаумен шұғылданған.

Мұсылмандар негізінен бір мемлекеттің туының астында біріккен басқа тілдегі және діндегі халықтарға, олардың мәдениетіне түсіне және хошкөрушілікпен қараған.

Қазақ қоғамының бүгінгісі мен ертеңгісі не болмақ, жаһандану процесінде ұлттық болмысымызды сақтап қалу мақсатында жасаған жұмыстың мәресіне келгендіктен көкейдегі толғамды ойдың тобықтай түйінін көрсететін де кез келген сияқты. Мемлекеттің негізгі факторларын құрайтындар тіл, дін және діл мәселесі, яғни бір мемлекеттің өзге мемлекеттен айырып тұратыны оның тілі, діні, ділі болмақ. Ал менің байқауымша ірі ұйымға енетіндердің өзіндік МЕН-і болуы керек. Біздікі қайсысы? Орыстың шырмауынан шыға алмай жүрген тілі ме, әлі күнге дейін ардақталмай жүрген ділі ме, болмаса миссионерлердің қолжаулығына айналған діні ме? Иә, соңғы жылдары Азиядағы саяси және діни кикілжіндердің өршіп кетуіне көп жағдайда, батыс өркениетінің өктемдігінен болып отырған жаһандану процессінің ықпалы тиді деп айтуға толық негізі бар. Сөйтіп қазіргі таңдағы әлемдік процестерді талдай отырып, жаһандану процесі тек кеңейе береді деген тұжырым жасай аламыз. Халықаралық қатынаста барлық мемлекеттердің тең құқылығы туралы түсінік нығайды. Бұл сөз жоқ халықаралық қатынастағы әділдікке бетбұрыс болып отыр. Алайда қазіргі уақытта бұп жетістіктер қуаныш пен күдік сезімін Жаһандану процессінің ғылыми тұрғыдан зерттеуді бүгінгі күннің басты мұраттарының бірі ретінде қолға алынууда.

Қоғам, дін және мәдениет қазіргі таңда адамзат тарихы кең қанат жайған жаһандану процесін бастан өткеруде. Біз осы жаһандану процесіне өте үлкен дайындықпен келуіміз қажет. Діннің қоғамдағы орны, қоғам үшін маңызы қандай? Діннің адамдарды біріктіру, қоғам мүшелерінің

арасындағы қарым-қатынасты реттеу, саяси жағдайды тұрақтандыру сияқты әлеуметтік құбылыстардағы орны ерекше. Біз мұны күнделікті өмірде көріп жүрміз. Біздің ұлтымызға өзіндік нақыш пен реңк беріп тұрған тарихи және мәдени қалыптасқан дәстүрлі Исламның да қоғам өміріндегі орны айрықша. Әсіресе, полиэтносты Қазақстан халқы үшін исламның рухани әлеуеті мен құндылықтары ұлтаралық татулық пен дінаралық келісім мәдениетіне ықпалы зор. БАҚ-да жарияланғандай зерттеу нәтижелеріне қарағанда Қазақстанның ересек тұрғындарының 95%-ы белгілі бір дінді ұстанатынын айтады. Соның ішінде 92%-ы – ислам және православие діндерінің өкілі. Бұлардың барлығын діндар деп айта алмаймыз, бірақ дәстүрі мен мәдениетіне сәйкес кейбір діни рәміздерді орындай-тындары ақиқат. Себебі дін кез келген халықтың тарихы және мәдениетімен біте қайнасқан. Сондықтан мемлекеттің ішкі және сыртқы рухани келісімі, дінаралық және этносаралық келісім мен бейбіт өмірге қол жеткізу үшін діннің ролі маңызды. Жоғарыда айтқанымыздай, 130-дан астам этнос өкілі өмір сүріп жатқан Қазақстан сияқты қоғам өмірінде діннің маңызы артып отыр. Дін қызметкерлері мен имамдардың жүріс-тұрысы, айтқан уағыздары мен насихаттары ел татулығы, бейбітшілік тұрақтылығы үшін өз үлестерін қосып отырады. Дінсіз қоғам болмайды. Тіпті, атеизм, коммунизм идеологиялары да сенімге, діннің бір түріне жатады. Дінсіз, сенімсіз деген қоғамда азғындық пен арыздық етек алып, жер бетінен жойылып кетіп отырады, бұған тарих куә. Сондықтан, қалай болғанда да, дін мен мәдениет бірігіп, қоғамға қызмет етсе игі. Қоғамның мұндай ізгі арақатынасты мақұлдайтыны сөзсіз!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
ҚР журналистер Одағының мүшесі,
ақын.

ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ – ТӘРБИЕ БАСТАУЫ

Өсиетнама

Адам баласының бәрі отбасынан түлеп ұшады. Әуелгі тәрбиені де өз шаңырағында ата-анасынан алады. Одан әрі балабақша мен мектептен тәлім, білімнен сусындайды. Дегенмен, өз отбасында алған тәрбиенің орны ерекше болмақ. «Отбасы – шағын мемлекет». Кез-келген мемлекеттің өзіндік ұстанымы, бағыт-бағдар құндылықтары болады. Отбасы да осындай құндылықтарға негізделген «мемлекет» болса ғана тамыры тереңге жайылған әулетке айналмақ.

Отбасының басты қызметі баланы тәрбиелеу. Отбасы тәрбиесі – бұл жалпы тәрбиенің ең басты бөлігі. Ата-ана және отбасы мүшелері жас нәресте дүниеге келген күннен бастап, оның өміріне қамқорлық жасап, болашағын жоспарлайды және саналы азамат болып өсуі үшін қажет жағдай жасайды. Бұған баланың қажеттігін толық қанағаттандыру, оны дене және ой еңбегіне үйрету, күн тәртібін дұрыс реттеуге, салауатты өмір сүруге, адал болуға тәрбиелеу, жақсылықты үйретуге, жамандықтан жиренуге баулу, бойында жастайынан мәдени құндылықтар мен адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру жатады. Ата-бабаларымыздан мирас болып қалған көптеген отбасылық әдет-ғұрып, салт, өзіндік дәстүрлер бар. Тал бесіктен тәрбие дұрыс берілсе, өскелең ұрпақ аталған салт пен сананы, дәстүр мен ғұрыпты өз жолынан жаңылыстырмай, темірқазықтай ұстанары хақ. Ал бүгінгі жаңашыл заманауи кезеңде аталмыш дүниелерді насихаттау кез-келген отбасының алдында тұрған парыз бен қарыз деп білу керек. Отбасы құндылықтарын насихаттаудың әсіресе қазіргі кезде маңызы өте зор. Адам құндылықтар шет қалып жатқан қазіргі қоғамда аталмыш мәселенің туындауы заңды. Көп тізбей, бір-ақ мысал, қоғамымызда қарттар және жетімдер үйлерінің болуы – біздің заманымыздың үлкен трагедияларының бірі десек, бұл аталмыш құндылықтардан кем жандардың өмір салтының салдарынан туған кесепат.

Республикамыздың әрбір азаматы ұлтына, сенімі мен нанымына, саяси

көзқарасымен, ұстаған бағыт-бағдарына қарамастан, өзі өмір сүріп, ауасын жұтып, игілігін пайдаланып отырған мемлекеттің «Туған елім, Отаным» деп тануы тиіс. Мемлекетке есімін беріп отырған ұлттық салт-дәстүрлеріне құрметпен қарау, оның тілі мен ділін, діні мен құндылықтарын сыйлау, рәміздерін ардақтап, жетістіктеріне шаттану – қоғамның әрбір мүшесінің міндеті. Олай болса баланың сана-сезімін сол ұлттық мәдениеті мен салт-дәстүрлерін менгеру негізінде дамыту керек, ұлттық құндылықты жастайынан бала бойына сіңіре білсек, еліміздің ертеңі ашық, келешегі жарқын да нұрлы болмақ. Бұл

ұлттық мәдениет. Ол ұлттық тәлім-тәрбиенің негізінде дамып, қалыптасты. Жалпы адамзаттық құндылық қасиеттер ұлттық тәрбиемен ұлттық мәдениеттің дамуындағы қозғаушы күші болып табылады. Әрбір халықтың тарихы, шежіресі, тіршілігі мен рухани тәжірибесі бар. Халықтың тұрмыс-тіршілігіндегі рухани тәжірибелері арқылы қалыптасқан тәрбиелік және дүниетанымдық көзқарастарын біз халық педагогикасы дейміз. Халық педагогикасы – халықтың мәдени мұрасы. Халық педагогикасы сол халықтың (ұлттың) этностық ерекшеліктеріне байланысты дамып, қалыптасқан. Ал, ұлттық тәрбие мен жалпы адамзаттық

дылықтар мен ар тазалығы және жалпы адамзаттық қасиеттерді жатқызамыз.

Отбасы, бала, отбасылық құндылықтар мен дәстүрлер біздің қоғамның және біздің мәдениеттің әрдайым негізі болды және болып қалады. Бізге көптеген отбасыларында бар ізгі дәстүрлер мен әдет-ғұрыпты сақтап, оларды насихаттап, жас отбасыларға қолдау білдіру керек. Мемлекет бұл үшін көп іс атқарып отырғанын білеміз. Сонымен қатар ата-аналардың өздері де бұған қамқорлық көрсетуі керек. Отбасылық құндылықтарды насихаттап, отбасы бейнесі мен некені, көп балалық өнегелерін құрмет тұтқызу қажет. Үлгілі отбасы нормасына көпбалалылық негіз болуы тиіс деп санаймын. Барлық халықтарда ғасырлар бойы солай болып келген. Адамның байлығы балаларының санымен өлшенген. Бұл өзекті мәселені ғасырлар бойы жинақталып, ата-баба тарихынан бізге жеткен отбасы тәрбиесінің мол мұраларын болашақ ұрпақты тәрбиелеуге пайдалану заман талабы деп қабылдай отырып, отбасылық құндылықтардың өзіндік ерекшеліктері мен бүгінгі ұрпақ санасына жеткен әсерін және пікір сабақтастығын жан-жақты жүйелі зерттеу өзекті мәселелердің бірі болуы тиіс. Жоғарыда айтылған жағдайдың алдын алу үшін және құндылықтарын насихаттау мен қалыптастыру үшін ең алдымен балаға осы құндылықтардың қадірі мен қасиетін түсіндіріп қана қоймай, күнделікті өмірде көріп, сабақ алатындай өзіміз де осы дәстүрді ұстана білгеніміз жөн. Отбасының құндылығы ең алдымен оның әрбір мүшесі екенін ескерсек, оларды құрметтеу, қадірлеу арқылы үлкенге қамқор, кішіге ізет дегенді үйретеміз, яғни адамгершілік қалыптастырамыз. Текті елдің ұрпақтары екендігін біліп, тамырын танып өскен ұрпағы осы және басқа да отбасы құндылықтарды жадынан шығармай өсіп-жетілу әсері әрине дау туығызбайды. Болашағымызға сеніммен қарау үшін, бесігімізді түзеу керек екенін ұмытпайық!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ



мәселе несімен ерекшеленбек дегенде, ұлттық құндылығымен және білімді ұрпағымен дегеніміз жөн болар Отбасыдағы ұрпақ бойына ұлттық құндылықтарды және жалпы адамзаттық құндылық қасиеттерді қалыптастыру үшін ұлттық мәдениет, салт-дәстүр, халық тағылымдары және т.б. мәселелеріне тоқталып өткеніміз жөн. Қазақ мәдениеті – ғасырлар бойы қалыптасқан

құндылық қасиеттерінің мәселесі – адамзат тарихынан бастап өн-бойына дарыған және ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы мақсат. Бұл адамзаттық өркениеттің өзгеше биігіне көтерілген, үшінші мыңжылдыққа қадам басқан кезеңінде де жас мемлекетіміз үшін рухани асыл мұрат болып, қазақстандық патриотизм, азаматтық парыз, тұлға бойындағы ұлттық құн-

ҚАЛА ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ ӘКІМІНІҢ
ТҮРҒЫНДАРМЕН ЕСЕПТІК
КЕЗДЕСУІН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ

Құрметті

Приозерск қаласының тұрғындары!

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 ж. 5 ақпандағы № 190 Жарлығын орындау мақсатында өңірлерде жүргізілген реформалар, жергілікті органдар жұмысы, орын алған мәселелер мен өмір сүру сапасын жақсарту, көтеру және оларды шешу жолдары, атқарған жұмысы туралы облыс, қала және аудан әкімдері есеп беру кездесулерін өткізіп жатыр.

Приозерск қаласы әкімі Қ.А.Камзиннің тұрғындармен есептік кездесуі 2021 жылдың 5 ақпанында сағат 15.00 өтеді.

Пандемия жағдайында, азаматтардың қауіпсіздігі мақсатында есептік кездесу онлайн режимінде ZOOM, Facebook, Instagram желілерін қолдана отырып өтеді (ZOOM мобильдік қосымшасы конференциясының идентификатор нөмірі: 448 199 5275; Кіру код нөмірі: 050221).

Facebook –



Instagram –



Кездесу барысында тұрғындар мен жергілікті атқарушы биліктің арасында «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында халықпен кері байланыс барынша орнатылады.

Азаматтарды толғандыратын проблемалық мәселелерді және ұсыныстар мен ескертулерді жинақтау үшін арнайы орындарда жәшіктер қойылады.

Сізден сұрақтарыңызды тікелей эфирде онлайн режимінде, сонымен қатар Telegram-bot, WhatsApp нөмірі 87474932130 немесе арнайы жәшіктер арқылы қоюыңызды сұраймыз.

Айтылған ескертулер мен ұсыныстар әкімдердің жұмысына баға беруде ғана емес, сонымен бірге жасалатын нақты жоспарлар мен шараларда көрсетілетін болады.

Приозерск қала әкімдігі

Құрметті

Приозерск қаласының тұрғындары!

2021 жылдың 5 ақпанында сағат 15.00-де онлайн режимде қала әкімі Қ.А.Камзиннің қала тұрғындары алдында есептік кездесуі өтеді. Ұсыныстар мен ескертулерге арналған жәшіктер келесі мекенжайлар бойынша орнатылады:

| № | Жәшіктер орны | Мекен-жай |
|---|--|---------------------|
| 1 | Приозерск қаласының әкімі аппараты | Пушкин к., 7 |
| 2 | «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ Қарағанды облысы бойынша филиалы – Халыққа қызмет көрсету жөніндегі Приозерск қ. бөлімінің ғимараты | Космонавтар к., 1 |
| 3 | Қалалық пошта ғимараты | Пушкин к., 9 |
| 4 | Жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы ғимараты | Баллаш к., 5 |
| 5 | Қалалық орталық аурухана ғимараты | Транспортная к., 19 |

Приозерск қала әкімдігі

COVID - 19

ГЛАВНЫЙ САНВРАЧ
КОРОНАВИРУСЕ В КАЗАХСТАНЕ

На протяжении последнего месяца эпидемиологическая ситуация в Казахстане ухудшается. Об этом на брифинге в ЦКК сообщил главный государственный санитарный врач РК Ерлан Киясов, передает корреспондент Kazpravda.kz.



перешел из "зеленой" зоны в "желтую". Из "желтой" зоны в "красную" перешли две области – Костанайская и Акмолинская. На данный момент в "желтой" зоне находятся Нур-Султан, Алматы, Северо-Казахстанская, Павлодарская, Атырауская области. В январе Западно-Казахстанская область перешла из "зеленой" зоны в "желтую". Остальные области находятся в "зеленой" зоне", – сказал Киясов.

Он отметил, что на 13 января в больницах находятся 5 732 пациента, в реанимации – 357 пациентов.

Ранее Ерлан Киясов сообщил, отменяет ли крещенские купания в Казахстане из-за

"В последний месяц мы наблюдаем ухудшение эпидемиологической ситуации в стране. Казахстан по коронавирусу

пандемии.

Источник: <https://kazpravda.kz>

Собственник: ИП Струментов А.В.

Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.

Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5, 106-107
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор),
+7-702-604-02-60 (тех. редактор)

E-mail: prz_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prz_westnik.kz

Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15, Заказ № 02/698. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.

Технический редактор: Струментов А.В.

Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63

Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.

К СВЕДЕНИЮ ЖИТЕЛЕЙ ГОРОДА

О ПРОВЕДЕНИИ ОТЧЕТНОЙ
ВСТРЕЧИ АКИМА ГОРОДА
ПРИОЗЕРСК С НАСЕЛЕНИЕМУважаемые жители
города Приозерск!

Во исполнение Указа Президента Республики Казахстан от 5 февраля 2016 г. № 190 в области проходят отчетные встречи акимов городов и районов о проведенных в регионах работах местными органами, имеющихся проблемах, путях их решения для улучшения и повышения качества жизни и отчитываются о проделанной работе.

5 февраля 2021 г. в 15.00 часов пройдет отчетная встреча акима города Приозерск Камзина К.А. с населением.

В условиях пандемии и в целях безопасности граждан, отчетная встреча пройдет в режиме онлайн с применением социальных сетей ZOOM, Facebook, Instagram (Идентификатор конференции ZOOM приложения: 448 199 5275; Код доступа: 050221);

Instagram –



Facebook –



В ходе встречи между жителями и местной исполнительной властью в рамках реализации концепции «Слышащего государства» максимально будет установлена обратная связь с населением.

Для сбора проблемных вопросов, волнующих граждан в специально отведенных местах будут установлены ящики для сбора предложений и замечаний.

Просим вас задавать вопросы в прямом эфире в режиме онлайн, а также через Telegram-bot, по WhatsApp номеру 87474932130 или письменно через специальные ящики.

Все замечания, пожелания будут учтены не только при оценке их работы, но и найдут отражения в конкретных планах и мероприятиях.

Акимат города Приозерск

Уважаемые жители
города Приозерск!

5 февраля 2021 года в 15.00ч. в режиме онлайн пройдет отчетная встреча акима г. Приозерск Камзина К.А. перед населением.

Ящики для предложений и замечаний будут расположены по следующим адресам:

| № | Местоположение ящиков | Адрес |
|---|---|----------------------|
| 1 | Здание аппарата акима города Приозерск | ул. Пушкина, 7 |
| 2 | Здание отдела г. Приозерск по обслуживанию населения - филиала НАО «государственная корпорация» «Правительство для граждан» по Карагандинской области | ул. Космонавтов, 1 |
| 3 | Здание городской почты | ул. Пушкина, 9 |
| 4 | Здание отдела земельных отношений, архитектуры и градостроительства | ул. Балкашская, 5 |
| 5 | Здание городской центральной больницы | ул. Транспортная, 19 |

Акимат города Приозерск

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Уважаемые жители города Приозерск!

Напоминаем, что точкой бесплатного распространения местной газеты «Приозерский вестник» является бутик №1 «Золушка», расположенный на территории центрального городского рынка. Контактный телефон: 8-777-103-8589

НЕДВИЖИМОСТЬ
ПРОДАЮ ДОМ

Цена – 9 000 000 тенге. Возможен торг. г. Караганда, (город, пр.Кольцевой), 3 комн. - 120 м2. Ванна, центральная канализация, отопление на твердом топливе. Огород 6 сот., сарай, гараж, хоз.постройки. Тел.: 87070343737, (87212)44-30-35

Уважаемые жители города Приозерск!

Приглашаем вас посетить наш магазин «Золушка», расположенный на центральном городском рынке. Вашему вниманию рекомендуем высококачественную косметику производства Южная Корея, средства ухода за кожей лица и тела, витаминные комплексы, бальзамы корпорации «Сибское здоровье».

Принимаются заказы на доставку продукции по каталогу. Также, наш магазин является точкой бесплатного распространения местной газеты «Приозерский вестник».

Контактный телефон: 8-777-103-8589, Инстаграм: [zolushka_kor](https://www.instagram.com/zolushka_kor)

НАСЛЕДСТВЕННОЕ ДЕЛО

открыто после смерти Буйских Клары Утебаевны, умершей 20 июля 2020 года.

Имеющимся наследникам обращаться к нотариусу Ахметову Р.Б.

по адресу: г.Приозерск, ул.Кисунько, д.1Б,

тел. 8-775-1627005

| | | |
|--|---|---|
| Собственник: ИП Струментов А.В. Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г. Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5, 106-107 Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор) E-mail: prz_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prz_westnik.kz Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15, Заказ № 02/698. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр. | Главный редактор: Кенжебеков Б.А. Технический редактор: Струментов А.В. Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63 Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена. | Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области. Подписной индекс - 65041 |
|--|---|---|